# Алматы қаласында ойын бизнесі объектілеріне акциз мөлшерлерін бекіту туралы

*Күшін жойған*

II сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XVIII сессиясының 2002 жылғы 31 шілдедегі шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 13 тамызда N 463 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қалалық мәслихатының 2009.10.30 № 253 шешімімен.

*Ескерту. Күші жойылды - Алматы қалалық мәслихатының 2009.10.30 № 253 шешімімен.*

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-шы бабына, Қазақстан Республикасы " Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Салық Кодексінің 258-бабының 4-ші тармағына және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N№137-ші Қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2002 жылғы 26-сәуірдегі N 476-шы Қаулысына және Алматы қаласы Әкімінің ұсынысына сәйкес II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты **шешім қабылдады:**

1. Алматы қаласындағы ойын бизнесі объектілеріне акциз ставкалары, келесі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (әрі қарай - "АЕК") бір жылға бекітілсін:

ойын столы - 1400 АЕК;
ақшалай ұтыс берілетін ойын автоматтар - 50 АЕК;
тотализатор кассасы - 400 АЕК;
букмекерлік кеңсе кассасы - 200 АЕК.

*Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - III сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XIX сессиясының 2005 жылғы 18 қарашадағы* N 195 *шешімімен.*

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау экономика және өндірісті дамыту жөніндегі тұрақты комиссияға (А.И. Шелипанов), Алматы қаласы бойынша салық комитетінің төрағасы Қ.Қ. Нұрпейісовке жүктелсін.

*II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты*

*XVIII-сессиясының төрағасы*

*II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК